# Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарды құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 4 ақпандағы № 266 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 3-бабының 3, 3-1-тармақтарына, 6-бабының 1, 2-тармақтарына, 18-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар:

1) Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар;

2) Алматы облысының № 1 және № 2, Шығыс Қазақстан облысының № 1 және № 2 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттары құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы осы Жарлыққа сәйкес құрылатын соттардың төрағалары мен судьяларының бос қызметтеріне кандидаттарды іріктеу жөнінде заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қабылдасын және тиісті ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының саны, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының құрылымы мен штаты туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 8 қаңтардағы № 3315 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., № 1, 1-құжат):

тақырыпта «, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының құрылымы мен штаты» деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 33 судьядан, оның ішінде:»;

2) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-құжат; 2000 ж., № 54, 593-құжат; 2001 ж., № 1-2, 2-құжат; № 4-5, 43-құжат; 2002 ж., № 26, 272-құжат; № 45, 445-құжат; 2003 ж., № 12, 130-құжат; № 16, 160-құжат; 2004 ж., № 13, 166-құжат; № 21, 267-құжат; № 27, 344-құжат; № 48, 590-құжат; 2005 ж., № 16, 189-құжат; № 27, 329-құжат; № 30, 380-құжат; № 49, 623-құжат; 2006 ж., № 7, 50-құжат; № 26, 264-құжат; № 28, 299-құжат; № 30, 320-құжат; 2007 ж., № 30, 330-құжат; № 33, 361-құжат; 2008 ж., № 10, 105-құжат; 2009 ж., № 5, 13-құжат; 2010 ж., № 27, 205-құжат; № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 2, 12-құжат; 2011 ж., № 34, 408-құжат):

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), оның ішінде:» жолында «5579» деген цифрлар «5693» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық органдар (сот кеңселері)» жолында «5403» деген цифрлар «5517» деген цифрлармен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 3-қосымшада:

«Аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары» жолында «1653» деген цифрлар «1693» деген цифрлармен ауыстырылсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК